

Қазақстан Республикасы
Зайсан аудандық Қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ
№ 6

Зайсан қаласы

20 маусым 2025 жыл

Қоғамдық кеңес төрағасы
Қоғамдық кеңес хатшысы

Уәли М.
Ж. Қалихан .

Барлық қоғамдық кеңес мүшелері – 15
Қатысқаны – 11
Қатыспағаны – 4
Оның ішінде:
Іс сапарда – 2
Белгісіз – 2

Күн тәртібінде

2. Зайсан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы «2025 – 2027 жылдарға арналған Зайсан ауданының бюджеті туралы №30/2-VIII өзгерістер енгізу туралы» шешім жобасы туралы.
Хабарламашы: Зайсан аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы **Қожекенова Ғалима Кенжебаевна**.
3. «Зайсан ауданы бойынша конкурсқа ұсынылатын ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің тізімі туралы.»
Хабарламашы: Зайсан аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысының м.а **Ермекова Б.**
4. «Зайсан ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 2 тамыздағы №453 «Зайсан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» қаулысының күшін жою туралы» аудан әкімдігінің қаулысының жобасы туралы.
Хабарламашы: Зайсан аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы **Каримов Қайрат Набиевич**.
5. Зайсан ауданы әкімінің өкімімен құралатын мобильді топтың құрамына Зайсан аудандық қоғамдық кеңестің мүшелерін ұсыну туралы.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы **Каримов Қайрат Набиевичке** және бөлім маманы **Шақатаева Лаззатқа** беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

Жарыс сөз:

–**М.Қаламов:** –Бұл қаулыны қандай заңның негізінде жасадыңдар?

–**Л.Шақатаева:** – Ішкі сауда қағидаларының бекіту туралы заңның 50/1 тармағында алып тастаған. Енді жаңадан енгізілген өзгерістер бойынша, сауда объектілерін конкурспен алынатын болды. Ал базардағы «Аймақ» дүкеніне қарама – қарсы бос жер, қала әкімдігіне қарасты жер екен. Қала әкіміне қарасты жерлер конкурсқа түспейді екен. Еш кімнің қарамағында жоқ бос жерлер болу керек екен. Күшін жойып тастасақ шілде, тамыз айларында Күршімнің қарбыз, қауындары келеді.

–**М.Қаламов:** –Сауда саласы бойынша мемлекеттік реттеу туралы заңында 4 мәселеге бөлінеді екен. 1. Стационарлы объектілер, олар магазин, базар т.б. 2. Стационарлы емес, оларға киоск, павильон, автолавкалар т.б. олар қай жерде тұру керектің қала әкімдігі бекітіп беру керек екен. Сол үшін бұл қаулының күшін жойып жіберсек, ертең қарбыз сататындардың орны заңсыз болып қалады.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

–**М.Уәли:**– Жақсы, жоба мақұлдансын деген ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап: Жоқ.

Қарсы:Бәрі

Ұстап қалушылар: Жоқ.

Шешім:

1. «Зайсан ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 2 тамыздағы №453 «Зайсан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» қаулысының күші жойылды деп тану туралы» қаулы жобасы **мақұлданбасын.**

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысының м.а **Б.Ермековаға** беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

–**М.Уәли:**– Жақсы, жоба мақұлдансын деген ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап: Бәрі.

Қарсы: Жоқ.

Ұстап қалушылар: Жоқ.

Шешім: 1. Зайсан аудандық жер қатынастары бөлімінің 2018 жылғы 20 желтоқсанындағы №518 хатымен ұсынылған тізімдегі Зайсан ауданы бойынша ауыл шаруа-шылығы мақсатындағы жер учаскелерін конкурсқа ұсыну мақұлданын.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы **Қожекенова Ғалима Кенжебаевна**ға беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

Жарыс сөз:

– **М.Бошақов:**– Жаңатұрмыстың жолы қашан жөнделеді?

– **Ғ.Қожекенова:** – 312 миллион қаражаты тұр. Ескі мердігерлермен шартты бұзып, жаңа мердігерлермен келіссөз жүргізіп жатыр. Шілде айында жөндеу жұмыстары басталады.

– **Ж.Манарбеков:** –Подхозға баратын жол қашан жөнделеді?ь

– **Ғ.Қожекенова:** – Келесі жылғы жобаға кіргізілген.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

–**М.Уәли:**– Жақсы, жоба мақұлданын деген ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап: Бәрі.

Қарсы: Жоқ.

Ұстап қалушылар: Жоқ.

Шешім:

1. Зайсан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы «2025 –2027 жылдарға арналған Зайсан ауданының бюджеті туралы №30/2-VIII өзгерістер енгізу туралы» Зайсан аудандық мәслихатының шешім жобасы мақұлданын.

Тындалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Зайсан ауданы әкімінің өкімімен құралатын мобильді топтың құрамына Зайсан аудандық қоғамдық кеңестің мүшелерінен М.Бошақов пен М.Боранбаевты ұсынуды дауысқа қоямын.

Жақтап: Бәрі.

Қарсы: Жоқ.

Ұстап қалушылар: Жоқ.

Ұсыныс:

1. Зайсан аудандық қоғамдық кеңестің мүшелерінен мобильді топтың құрамына М. Бошақов, М. Боранбаев **ұсынылсын.**

Аудандық қоғамдық кеңес төрағасы

М.Уәли.

**Қоғамдық кеңес
хатшысы :**

Қалихан Ж.